

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін органдар мен мекемелерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-әрекет етуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 22 қазандағы N 157 . Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 29 қазандағы N 803 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2037. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің 2009 жылғы 1 желтоқсандағы N 288 және Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2009 жылғы 1 желтоқсандағы N 157 бірлескен бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің 2009.12.01 N 288 және ҚР Әділет министрінің 2009.12.01 N 157 бірлескен бұйрығымен.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының заңы негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің және қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін органдар мен мекемелерде өрттердің алдын алу және жою жөнінен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімдерінің өзара қарым-қатынастарының тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін органдар мен мекемелерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-әрекет етуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің департаменті осы бұйрықтың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы әділет полковнигі

П.Н.Посмаковқа және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметі департаментінің бастығы ішкі қызмет генерал-майоры С.С.Аппарбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
жөніндегі агенттігінің

Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
2002 жылғы 22 қазанды N 157
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігі Төрағасының
2002 жылғы 29 қазанды
N 803 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің
Мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қылмыстық
жазаларды орындауды қамтамасыз ететін органдар мен мекемелерде өрт
қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-әрекет етуі жөніндегі
нұсқаулық**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің өзара іс-әрекет етуі бойынша қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін органдар мен мекемелерде (бұдан әрі - объектілер) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі осы Нұсқаулық қылмыстық-атқару жүйесі мен Мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелерінің өрттердің алдын алу және жою жөніндегі негізгі бағыттарды айқындаиды.

2. Қазақстан Республикасы ӘМ Қылмыстық-атқару жүйесі объектілеріндегі өртті қадағалау салалық функцияларын, олардың спецификалық ерекшеліктеріне

қарай Қазақстан Республикасы ӘМ ҚАЖ комитетінің ведомствоның өрт сөндіру Инспекциясы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің объектілерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасы ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің қызметкерлері зерттеуі мүмкін. Осы қызметтің өкілдерін түзімдік талаптарды ескере отырып, қылмыстық-атқару жүйесі Комитетінің объектілеріне кіргізу белгіленген тәртіpte жүзеге асырылады.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінің өртті техникалық тексерулер нәтижесі бойынша өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы болған жағдайда Мемлекеттік өртке қарсы қызметі қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін мекемелерге болған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым жолдайды.

5. Әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) объектілерін өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етуге дербес жауапкершілік Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі Комитеті аумақтық органының бастығына, қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін мекемелерінде мекеме бастығына жүктеледі.

6. Өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету Нұсқаулығының және стандарттардың, нормалардың, ережелердің бұзушылығы болған жағдайда немесе қылмыстық-атқару жүйесінің әрекетсіздігі болғанда мекеменің қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7. Қылмыстық-атқару жүйесінің объектілерінде өрттерді сөндіру Мемлекеттік өртке қарсы қызметі бөлімшелерінің қылмыстық-атқару жүйесінің салалық өртке қарсы қызметінің бірлесуімен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің басқармасы Қазақстан Республикасы ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің ұйғарымы бойынша, осы қызметтің бөлімшелері өртті сөндіру және оларды кіргізу тәртібі жүзеге асырылатын объектілердің тізімін анықтайды.

8. Облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі қылмыстық-атқару жүйесінің объектілері бар шығу жолында қылмыстық-атқару жүйесінің объектілерінің өрттің тактикалық сипаттамасымен танысады және қылмыстық-атқару жүйесінің салалық өртке қарсы қызметінің бірлесуімен өрттің тактикалық дайындығына қатысады.

9. Жедел жоспардың және өрт сөндіру кәртішкелерінің дайындалу тәртібі, олардың сақталуы және қылмыстық-атқару жүйесінің объектілерінің практикалық өтеуі қылмыстық-атқару жүйесінің басшылығының облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі басшыларының келісімімен бекітіледі.

10. Облыстардағы, Алматы және Астана қалаларындағы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі қажет болған жағдайда қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі ережелерін оқытуына қажетті көмек көрсетеді, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес береді.

Туындаған келіспеушіліктер бойынша бірауыздық пікірге қол жетпеу кезінде, шешімді Қазақстан Республикасы ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Департаменті және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің Комитеті қабылдайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК